

қарапайым болса, стиль романтикалық сипатта болады»,- деп тұжырымдайды Уолкатт. Басқаша айтқанда, натуралистік романдағы романтикалық бастау натурализмге тән фактографизмнің жұмсартылған түрі ретінде беріледі [2; 11-25].

Сонымен, батыстық әдебиеттанушылар динамика мәселесін тақырып пен стил, объект пен оның натуралистік романда берілу тәсілінің бірлігі деп қарастырады, натуралист-жазушы романтикалық стильдік үлгілерге жүгінуі әрекетті толық беруге ұмтылысының нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Натуралистік бастау романтизмде стильдік қолданыс формасында көрініс береді, бірақ образ құрылымы санатына кірмейді. Кейінгі романтизм әдебиетінде романтикалық «қосәлемділік» үрдісі туындай бастағанда бұл деңгейге көтеріледі. Мінсіз бастау «тонусыны» төмендеуі прерафаэлиттер, декаданс әдебиетінде натуралистік тенденциялардың нығаюына алып келеді де, «натуралистік романтизмді» тудырады.

XIX ғасырдың соңында туған шығармаларда бұл үрдіс тәмамдалады. Романтизм поэтикасында натуралистік бастау біртіндеп басқы рөлге шығады да, реалистік роман үлгісімен, шынайылықтық объективті анализі ұстанымдарына қаныққан жаңа әдіс ретінде дамиды. Осы негізде натурализм мен романтизмнің жаңа синтезі « романтикалық натурализм» туындайды [3; 13-16].

Романтизм мен натурализмнің арақатынасын зерттеу бізге қазақ прозасындағы әдістер тоғысын жөнінен жақсырақ мәлімет береді. Ұлттық әдебиеттегі реализм, натуралистік реализм, романтикалық натурализм мен натуралистік романтизм тенденциялары әлі де болса көптеген зерттеулер мен еңбектерді, тұжырымдарды қажет етеді. Модернизмнен өтіп, постмодернизмге аяқ басқан сәтте, осыған дейінгі шығармаларда кездесетін, модернизмнің «өзегі» болып табылатын ағымдар мен әдістерді зерттеу қазіргі заманауи әдебиетке тереңірек үніле алуымызға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер:

1. Ж.Ж.Жарылғапов. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Глассиар, 2009. – 400 б.
2. В. А. Миловидов. Натурализм: метод, поэтика, стиль. – Тверь, 1993. –71б.
3. Е. Волков. Немецкий натурализм (Роман. Повест.Новелла). – Иваново, 1980. – 94 б.

Жармұханова М.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Шет тілдер факультеті, ҚҚФ-41 тобы, студент
(Ғылыми жетекші — аға оқытушы Ибраева А.С.)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНУ

Ұрпаққа жарасымды есім беру – ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтық игі дәстүр. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үнін қарт шежіре сияқты келешек ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазіргі кезде жалқы есімдердің жиынтық атауы ретінде ономастика ғылымы берік қалыптасып, термин ретінде кеңінен орын алды. Ономастика тіл білімінің негізгі салаларынан саналады да, жалқы есімдердің жиынтық атауы болып есептеледі. Ономастиканың негізгі бөлімдері: топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика.

Қазіргі кезде тіл білімінің қарқындап дамуымен байланысты ономастика ғылым ретінде қалыптасып, оны зерттеу аясы кеңейіп отыр.

Қазақ тіліндегі кісі аттарының тарихын зерттеуді тұңғыш рет ұсынған академик І. Кеңесбаев.

Ономастиканың бір саласы антропонимика ішінара фамилия, әке аты, лақап ат, бүркеншік аттар боп бөлініп, бір тілге тән антропонимикалық жүйеге жатады.

Қазақ есімдері туралы мақалалар ХІХ ғасырдың екінші жартысынан шыға бастаған. Ондай алғашқы мақалаларға А.Е. Алекторовтың, А. Диваевтың мақалалары жатады. Алғашқы бастама ретінде олардың маңызы зор, аса жоғары бағаланады.

Кісі аттары мен фамилиялардың жазылуы, мемле мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспеген, талас мәселенің бірі болып келеді. Мұның өзі орфографиямыздың тарихымен, оның ережелерімен тығыз байланысты. Кісі аттарының ережеге сай жазылуы емле заңында бар.

Қазақ есімдері санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда шығып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп.[1]

Қазіргі кездегі біздің фамилиялар нұсқасы орыс тілінің игі әсерімен қалыптасып, жазылып келгені белгілі. Қазақ фамилиялары орыс тілінен қабылдаған –ев, -ева, -ов, -ова, -ин, -ина қосымшалары арқылы жасалады. Бұл қосымшалар негізінде фамилиялар жасау – тұрмыста кеңінен қолдау тауып келді.

Әке атымен аталу – ертеден бар жалпы халықтық құбылыс. Бірақ қазіргі кездегі әке атымен аталудың формасы олардан жаңаша, құбылысы да өзгеше.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабына сәйкес ұлты қазақ адамдардың аты-жөнін былайша жазуға болады: Қадырова Рысты Мадиевна - Мадикызы Рысты; Байкенов Оспан Омарович-Омарұлы Оспан.

Тегінің айтылуы қолайсыз естілетін жағдайларда сондай-ақ қазақтардың тұрмысында кездесетін шығыс антропонимі дәстүрлерін құрметтей отырып, тегін белгілеу кезінде өз еркі бойынша "и" әрпін қосып жазуға жол беріледі. Мысалы: Қошқарова Сара Акимовна - Қошқари Сара Әкімқызы.[3]

Қазақ антропонимикасына қарағанда қытай есімдер тізбесінің шегі жоқ, ал тектер тізбесі есімдер тізбесіне қарағанда мейлінше аз, бірнеше жүзден аспайды. Осыған қарағанда бес тек өте жиі кездеседі: 张 (Чжан), 王 (Ван), 李 (Ли), 赵 (Чжао), 刘 (Лю) (ұрпақтық тектердің қысқару процесі бірнеше жүзжылдықтар арасында жалғасқан).

Қытайда тектер (姓氏 «син-ши») тарихи тұрғыда біркелкі қабатта қалыптаспаған: олардың арасында «бірінші», тектік, және «екінші», рулық, және де олар бес мың жыл бұрын, матриархат заманында қолданыла бастаған. Ерте дәуірде бірінші тек 姓 (син) тек қана аналық жолмен беріліп отырған, ал рулық тек 氏 (ши) әкелік жолмен таралатын руға байланысты қолданылған. «Ши» тегі бар еркек пен әйел бір-бірімен некеге тұра алған (өйткені жақын туыстар болып саналмаған), бірақ та «син» тегі болған жағдайда некеге тұра алмаған. «Син» тегі туған ауылдың немесе отбасының есебінен шыққан, ал «ши» болса император сыйға тартқан жердің немесе дәреженің есебінен туған (кей кездері ол өлгеннен кейіннен де берілген). Сонымен, адамның аты-жөнінде «ши» тегінің кездесуі оның қоғамдық маңызы туралы айтады- «син» мен «ши» айырмашылығы қоғамдық теңсіздігін көрсетеді. «Син» мен «ши» қосылып 姓氏 «син-ши» болғаннан кейін (Цинь династиясының уақыты, б.з.д. 210 жыл), Қытайдағы тектердің дамуының жаңа кезеңі басталды (Лю Куйли, Джан Сю 2008, 25).

Қытай тектерінің ішкі формасы өз ата-бабаларының тектерімен байланыс дәріптейді. Мәселен: 年 (Нян 'жыл') тегі – 年夫 (Няньфу) есімінен шыққан; 鱼 (Юй 'балық') тегі – 子鱼 (Зыюй) ата-бабаларының есімінен; 井 (Цзин 'құдық') тегі – 井伯 (Цзинбо) есімінен; 乐 (Лэ 'қуаныш, шаттық') -乐父 (Лэфу) есімінен шыққан (келтірілген тектер春秋 (Чунцю) династиясының шығу уақытымен байланысты «Көктем және күз» (б.з.д. 722 ж. – б.з.д. 481 ж.)); 高 (Гао 'биік') тегі -公子高 (Гунзыгао) ата-бабасының есімінен берілген; 皮 (Пи 'тері, қабық') тегі – 樊仲皮 (Фань Джонпи) есімінен; 牛 (Ню 'сиыр') – 牛文 (Нювень) есімінен берілген (соңғы үш тек 周 (Джоу) батыстың династиясымен байланыты (б.з.д. ХІ–ІІІ ғғ.)); 孔 (Кун 'ойық, тесік') тегі – 孔父 (Кунфу) ата-бабасының есімінен (商 – Шан династиясы (б.з.д. ХІV ғ. соңы)) және тағы да басқа дербес есімдерден ерте заманда пайда болған.[2]

Алайда, жазба қайнар көздері ол тектердің пайда болған уақытын қоюға рұқсат етпейді: 牧 (Му ‘қойшы’) тегі - 力牧 (Лиму) бабаларының есімінен берілген; 终 (Джон ‘соңы, финал’) тегі – 陆终 (Луджон) бабасынан; 常 (Чан ‘жиі’) тегі – 常项 (Чансянь) бабасының есімінен; және 廉 (Лян ‘сатылмайтындық, тұрақты’) тегі – 廉 (Лянь) бабасының есімінен берілген.

Сонымен қатар Қытайда шенеуніктер өз тектерін иеленген лауазымдарына байланысты алады. Мәселен, 钱 (Чянь) – қаржы министрствасының лауазымында отырған шенеунігіне берілген, ішкі формалы тек; 司徒 (Сыту) тегі – «жер және елді мекен облыстарын басқару» лауазымдығына берілген; 司空 (Сыкун) тегі – «су игеру облыстарын басқару» лауазымдығына берілген; 司马 (Сыма) тегі – «әскери басқару» шенеунік лауазымдығына берілген 上官 (Шангуань) тегі – «бақылау министрі» лауазымдығына берілген; 卜 (Бу) тегі – атамзаманнан келе жатқан «жұлдыздар бойынша болжау» саласындағы лауазымдығына берілген. 刑 (Син) тегі – «түрмеде жазалау облысында басқару» лауазымдығына берілген. 司寇 (Сыкоу) – «қоғамдық қауіпсіздік және түрмеде жазалау» лауазымдығына берілген.

Қытай тілінде бірталай тау аттарына байланысты пайда болған тектер көрсетіледі: 乔 (Чао) – 桥山 (Чаошань) тауыны байланысты пайда болған тек; 衡 (Хэн) – 衡山 (Хэншань); 蒙 (Мэн) – 蒙山 (Мэншан) тауына байланысты пайда болған тек; 余 (Шыэ) – 余山 (Шыэшань) тауына байланысты пайда болған және т.б.

Қытай тілінде тұратын жерін айқындайтын бірталай түр тармақтары ерекшеленіп көрсетіледі, ол отбасының бастау алатын жеріне байланысты пайда болған. Осылай, 东郭 (Донгуо) «шығыс қабырға» және 南郭 (Нангуо) «оңтүстік қабырға» деген тектер олардың ата-бабалары шығыс қабырға мен оңтүстік қабырға аудандарында тұрған деген мағына; 东门 (Донмэн) «шығыс есік» және 西门 (Симэн) «батыс есік» деген аудандар аттары қаланың ішкі бөліктеріне байланысты пайда болған. [4]

Ал қазақ тілінде қолданудан әлдеқашан шығып қалған тілімізге тән жалпы есім сөздер антропонимияда сақталып отыр. Мәселен, *Ардақ, Байсал, Ораз, Жора, Жекен* т.б.

Хайуандар мен аңдардың, құстар мен жәндіктердің, болмаса табиғат құбылыстарының аттарынан жасалған кісі аттары көптеген халықтарда бар, жиі кездесіп отыратын жай. Мәселен, *Волков, Беркутов, Соколов, Козлов, Зайцев* орыс тілінде болса, *Адольф, Вольфганг* немістерде, *Бәрі, Бәрібай, Итбай, Бұқа, Қоянбай, Бүркіт, Сұңқар* қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен тілдерінде бар.

Тілімізде: *Момбек, Мұқыш, Қабай, Біжкен, Мәншүк* сияқты да кісі есімдері кездеседі. Олардың негізгі түбірін мағыналық жағына қарап ажыратуға болады. Мысалы: Момбек деген кісі атының бөлшектеуге келмейтін морфемасы *мом* «балауыз». Ал Момыш, Мұқыш, Қабай, Мәншүк сияқты кісі аттары әрі еркелету, әрі қысқарту формасында тұр. Бұлардың толық формалары: Момынәлі, Мұқырбек, Батырхан, Қабдолла, Мәнсия.

Ертеректе қазақ халқы баласына ат қоюға келгенде басқа халықтар құсап дін иелерінің атын іздеп, әуре болып жатпай-ақ, дүйсенбі күні туса- Дүйсенбай, жұма күні туса- Жұмабек, ауылына, үйіне хан келсе- Хангелді, қожа келсе – Қожакелді деп, болмаса әкесінің қанша жасқа келгендігіне орай баласына Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай деп ат қоя беретін болған. Қазір қазақ халқы ол әдеттен арылды.

Кеңес Үкіметі кезінде Партия, Революция, Октябрь, Съезд, Советбек, Сайлаукүл, Космос секілді есімдер кездестін.

Қай кезде болса да Болат, Қайрат, Жанат, Берік, Серік есімді ұлдар мен Мөлдір, Арай, Әсем, Сымбат, Салтанат, Айнұр, Ақбота, Ақмарал, Әйгерім, Назерке атты есімдер кездесетін. Бұл, біріншіден, халқымыздың ой-өрісінің, сана-сезімінің артқандығының, мәдениетінің, талғамының дамығандығының белгісі болса керек.

Сонымен қатар елімізде балаларына саяси немесе күнделікті жанұядағы оқиғалар мен спорттық сайыстарға байланысты есім берген қазақ отбасылары баршылық. Мысалы, Азида атын қыз балаға да, ұлға да берген, ал ұлдарға Саммитхан, Саммитбек, Нұрсаммит,

Дипломбек сияқты есімдер қойылған. Жаңа жыл қарсаңында дүниеге келген сәбиге "Елка" есімі қойылған.

Еліміздегі белгілі композитор, шәмшітанушы Қалдыбек Құрманәлі өз балаларының атын

Шәмшіқалдаяқ, Бекзатсаттархан, Мұхтаршахан, Иманғалитасмағанбет қойған қойған. Ұлы адамдар құрметіне Нұрсұлтан, НұрӘбиНаз. Яғни, Қазақстан президентінің аты, тегі, әкесінің аты қысқартылып, бір есім болып шыққан. Бұдан өткен тағы бір қызық есімдер бар. Олар – Ева- Арабелла және Бауыржанмомыш.

Антропонимдердің шығу, пайда болу тарихын зерттеу барысында ерте кездерде шығып, бүгінгі заманға жеткендерімен бірге орта ғасырларға тәндері және жаңа, жаңарған дәуірлерде жасалғандарының түрлері анықталып, талданды. Қазақ антропонимдерін зерттеу жұмысы қазіргі таңда шектеліп қалмай, келешекте де жалғаса бермек.[5]

Әдебиеттер:

1. Жанұзақов Т.Д. Қазақ тіліндегі кісі аттары.– Алматы, 1960.-57б.
2. Сақыпұлы А. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ономастика мәселелері.-№ 5, 2005. 28-36бб.
3. Омарұлы Б. Тіл саясаты және ономастика.- Астана: «Ақжол- баспа», 2004.97-98бб.
4. 丝绸之路：一部全新的·全食物调养秘笈 全2,2001-22б.
5. Жанұзақов Т.Д. Есіміңіз кім? – Алма-Ата: Қазақстан, 1989.-27б.

Жолшорина А.Г., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Пс-31 тобы, студент.
(*Ғылыми жетекшісі – ф.және.п.к., магистр, аға оқытушы Капашева Г.А.*)

ГЕНДЕРЛІК СӘЙКЕСТІК ПЕН ОТБАСЫ ТИПІНІҢ АРА ҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУ

Жастардың гендерлік сәйкестігін зерттеудің өзектілігі, түрлі феномен және факторлар қатарымен сипатталатын қазіргі әлеуметтік жағдайлармен шартталады: қоғамдағы гендерлік таптауырынның және жыныстық-рөлдік арақатынастың өзгеруі, әйелдердің қоғам өмірінде анағұрлым белсенді қатысу, некенің жаңа түрінің, оның ішінде дәстүрлі емес түрлердің пайда болуы, Қазақстанда ажырасу санының артуы, жалғыздық мәселесінің орын алуы, психикалық, психосоматикалық, сексуалды бұзылыстар санының өсуі. Осымен байланысты жастардың гендерлік сәйкестігін зерттеу жастар арасында қоғамның манызды институты ретінде есептелінетін отбасына деген қатынас тенденциясын анықтау мәселесі пайда болады. Адами тіршілік екі жынысқа бөлінеді, және балалардың көп саны ер, немесе әйел жынысқа жататыны туралы нақты сезінеді. Бұл кезде, оларда психологиялық дамуда гендерлік сәйкестік деп аталатын құбылыс пайда болады. Дегенмен көптеген мәдениетте ер мен әйелдің биологиялық айырмашылықтары тұжырымдар және жүріс-тұрыс таптауырын жүйесімен өседі, әрі ол адам іс-әрекетінің түгелдей саласын қамтиды. Әр түрлі қоғамда ер мен әйел жүріс-тұрысының қатаң, әрі қатаң емес нормалары бар, ол олардың қандай рөлді орындауға міндетті немесе орындауға құқысы бар екенін, тіпті олардың қандай тұлғалық сипаттамаға «тән» екенін реттейді.[1]

Гендерлік сәйкестік – өзінің ер немесе әйел жынысқа жататынын түсіну. Берілген түсінік маскулинділік/феминділік жайлы көріністер ара қатынасты сипаттайтын, адамды жыныс өкілі ретіндегі уайымын, нақты жыныстық ерекшелік сипаттар және жүріс-тұрыс ерекшеліктер иегері ретінде сипаттайтын, тұлғаның өзін тану аспектісін білдіреді.

Гендерлік сәйкестік – адамның өзіндік санасында кәсіби, отбасылық, этикалық, білім беру және басқа да статустар жайлы көріністермен тұтастықта қатар өмір сүретін, әлеуметтік идентификацияның ерекше түрі. Ол баланың туылғанынан бастап, яғни оның сыртқы жыныстық мүшесінің құрылысы негізінде оның төлқұжаттық (азаматтық, акушерлік) жынысы анықталған кезде қалыптаса бастайды. Осыдан бастап гендерлік әлеуметтену процесі басталады, бұл кезде баланы мақсаттылы түрде, берілген қоғамда «ер» мен «әйел»